

ӘОЖ 94(47) «1917»

Б.К. Адамбек

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: adambekb@bk.ru)

Демократияның даму кезеңіндегі Ресей (1917 ж. наурыз-қазан айлары)

Мақалада 1917 ж. Ақпан революциясынан кейін Ресейде билікке келген буржуазиялық Уақытша үкіметтің және оның елді демократияландыру жолындағы бірқатар маңызды шешімдері туралы баяндалды. Сонымен қатар елде қалыптасқан көппартиялық жағдайда әртүрлі саяси күштердің билік үшін күресі және оның әртүрлі бағыттары, Уақытша үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты, демократиялық қозғалыстың жікке бөлінуі және осыған орай елдегі саяси дағдарыстың күшейе түсуі көрсетілді. Автор шілде оқиғаларына тоқтала отырып, осы кезеңнен кейін елдегі билік үшін күрестің күшейе түскенін көптеген деректермен объективті түрде дәлелдеп, оның ерекшеліктерін айқындады.

Кілт сөздер: революция, партия, кеңес, буржуазия, демократия, үкімет, саясат, коалиция, соғыс, оқиға.

Бұрынғы қалыптасқан тұжырымдар бойынша Уақытша Үкімет пен Кеңестер ең басынан бөлініп, біріне-бірі қарсы саясат жүргізді деген ұғым шын мәнінде сол кездегі оқиғалармен сәйкес келмеді. Себебі революциядан кейінгі уақытта осы екі орган бірін-бірі түсініп, өзара қолдау көрсетуге тырысты. Бұл жағдай сол кездегі саяси ахуалдың ерекшелігін айқындады.

Уақытша үкіметке бұрыннан келе жатқан соғыс және бейбітшілік, аграрлық және ұлттық мәселелермен қатар, енді қосымша мемлекеттік билік және Ресейдің болашақ мемлекеттік құрылымы, экономиканы дағдарыстан шығару сияқты жаңа проблемалар қосылды. Осыған орай кеңестік тарихнамадағы Уақытша үкіметті ешқандай жұмыс атқара алмады деген көзқараспен келісу қиын. Өйткені жаңа үкімет тарих тәлкегінің оған берген аз уақытында бірқатар демократиялық шараларды іске асырды.

Уақытша үкімет өзінің ішкі саясаттағы басты бағыттарын 1917 ж. 3 наурыздағы Декларациясында белгіледі. Онда толық саяси рахымшылық жарияланды, сөз, баспасөз, жиналыстар бостандығы берілді, Ресейде тұратын барлық халықтардың құқығы теңестірілді. Сонымен қатар жалпы халықтың сайлау арқылы Құрылтайшы Жиналыс шақырып, оған Ресейдің болашақ саяси құрылымын шешетін жағдай туғызу керектігі көрсетілді. Осы Декларация бойынша полицияның орнына халықтық милиция және жергілікті басқару органдарын құру, қоғамдық тәртіпті орнату, күшейту және т.б. мақсаттар қойылды [1; 81]. Әрине, осы мақсаттар іске асырылғанда Ресейдің демократиялық мемлекетке айналатын мүмкіншілігі толық болған еді. Сонымен қатар қалыптасқан саяси жағдайға байланысты Уақытша үкімет Кеңестердің кейбір шешімдерімен есептесуге мәжбүр болды.

Ең басынан Уақытша үкімет пен Петроград Кеңесі өздерінің жұмысын бірігіп атқаруға, тырысты және осы жұмысты ұйымдастыратын комиссия құрылып, оған Н. Чхеидзе, М. Скобелов, Ю. Стеклов, Н. Суханов және В.Филлиповский кірді. Сөйтіп, мемлекеттік істерді комиссиялық түрде жүргізуге мүмкүндік туды [2; 75].

Сонымен қатар Уақытша үкімет көптеген аймақтарға бұрынғы патша губернатарының орнына өздерінің комиссарларын тағайындады. Осыған орай Декларациядағы мақсаттарын іске асырып, Уақытша үкімет ұлттық аймақтарда, Белорусияда, Теріскей Кавказда, тағы басқа жерлерде жергілікті ұлт өкілдерін жоғарғы қызметтерге тағайындады. Мысалы, Қазақстан және Түркістанда Уақытша үкіметтің комиссарлары болып М.Тынышпаев, А.Бөкейханов, М.Шоқай сияқты ұлт зиялылары тағайындалды [3; 294]. Жалпы алғанда 1917 жылдың мамыр айында Уақытша үкімет өзінің 57 губерниялық және 353 уездік комиссарларын тағайындады. Олардың көпшілігі кадеттер және соларды қолдайтындар болса, кейін комиссарлар қатарында меньшевиктер мен эсерлер саны өсе түсті.

Осының барлығы «буржуазиялық» үкімет органдары мен Кеңестердің революциядан кейінгі айларда белгілі деңгейде бірігіп, жұмыс атқарғанын байқатады. Әсіресе олардың жергілікті жерлердегі қарым-қатынастары бірқатар аймақтардағы проблемаларды әртүрлі ымыра негізде шешуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар стихиялық түрде құрылған көптеген қоғамдық ұйымдардың қызметтері, мемлекеттік органдардың жұмысына бірқатар қиыншылық туғыза бастағанын айтқан жөн.

Аталмыш кезеңде Ресейде 200-ден астам әртүрлі саяси партиялар мен қоғамдар болды. Олардың ішінде өз халықтарының мүддесін қорғайтын ұлттық партиялар қалыптаса бастады. Ақпан оқиғаларынан кейін саяси партиялардың да тағдырлары әртүрлі болды. Мысалы, патша кезінде бірқатар ықпалы бар «Орыс халқының одағы», «Михаил Архангел одағы» және октябристер партиясы бұрынғы дәрежелерінен айырылып қалды.

Өзінің беделі бойынша бірінші орынға енді кадет партиясы шықты. Бұл партия бұрынғы «Конституциялық монархия» идеясынан бастартып, жаңа бағыттарында соғысты жалғастыру, Құрылтайшы Жиналыс шақыру, демократиялық бостандықтарды сақтау, тағы басқа ұрандармен жұмыс істесе, кейбір әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуді кейінге қалдырды. Сонымен қатар кадеттер ұлттық аймақтарға автономия беруіне өздерінің қарсы екенін білдірді. Наурыз айында өткен VII съездерінде кадеттер «Ресей демократиялық парламенттік Республика болу керек» деген шешім қабылдады [4; 200].

Осы кезде социалистік партиялар біріккен саясаттары арқылы белгілі дәрежеге жетті. Бұл блокта әсіресе меньшевиктердің рөлі ерекше болды. Себебі олардың басқарушыларының ішінде Г. Плеханов, Л. Дейч, А. Потресов, Ю. Мартов, И. Церетели, Ф. Дан, М. Скобелев және Н. Чхеидзе сияқты белгілі қайраткерлер болды. Бұл кезеңде (1917 жылдың көктемінде) меньшевиктердің басқарушы рөлін эсерлер мен большевиктер де мойындады. Меньшевиктер саяси бағдарламасында демократиялық республиканы, помещиктердің жерін тәркілеу, халықтардың егемендік алу құқықтарын қолдап, соғысты «революциялық қорғаныс ретінде» ғана жүргізу керектігін көрсетті [5; 16].

Эсерлер Ақпан революциясынан кейін саны жағынан ең ірі партияға айналды. Олар Ресейді федеративтік республикаға айналдыру, помещиктер жерін тәркілеп шаруаларға тең бөліп беруді қолдады. Ал сыртқы саясат бойынша олар соғысты аннексиясыз және контрибуциясыз тоқтату туралы мәселелер көтерді. Социалист-революционерлер партиясын (эсерлер) оның көсемі В. Черновпен бірге, Н. Авксентьев, А. Гоц, М. Спиридонова, А. Колегаев және П. Прошьян сияқты қайраткерлер басқарды. Бірақ осы кезде бұл партия «оңшыл» және «солшыл» бағыттарға бөліне бастады. Эсерлер демократиялық күштердің «барлық таптардың коалициясын» құруын жақтады [6; 354].

1917 жылдың наурыз айында социалистердің бірлігін большевиктердің айдаудан келген қайраткерлері И. Сталин, Л. Каменев, Н. Муранов, тағы басқа қолдады. Олар партия мүшелерін меньшевиктер және эсерлер блогымен одақ құруын, сонымен қатар Уақытша үкіметті қолдау керектігін жақтап, осы бағытты ұстануға шақырды.

Бірақ бұл позиция эмиграциядан большевиктердің көсемі В. Лениннің келуіне байланысты өзгеріп шықты. Осы орайда 200 мыңнан астам орыс тұтқындары орналасқан Германия арқылы арнайы күзеті бар поезбен В. Ленин басқарған большевиктер тобының өтуі әлі күнге дейін тарихшыларды таңқалдырады. Осы оқиғаға кеңестік тарихнамада белгілі себептермен түсінік берілмесе, кейбір шетел тарихшылары осы сапарында Ленин герман үкіметімен жасырын келіссөздер жүргізіп, онда Ресейді соғыстан шығару мәселесі талқыланды деп көрсетеді. Сонымен қатар олар большевиктердің көсемдері герман үкіметінен 50 миллион марка ақша алғанын көптеген құжаттармен дәлелдеп жүр. Әрине, бұл мәселе бойынша әлі талай пікірлер айтылуы және жазылуы

мүмкін. Бірақ Лениннің Петроградқа келісімен Ресейдің соғыстан шығуы керек деген сөздері осы күнге дейін көптеген сауалдар туғызады.

7 сәуірде «Правда» газеті Лениннің «Пролетариаттың үстіміздегі революциядағы міндеттері туралы» деген баяндамасының негізгі материалдарын басып шығарды. Кейін бұл баяндама «Апрель тезистері» деп аталып кетті. Шын мәнінде, тезистер большевиктердің жаңа бағдарламасына айналды. Мұнда Ленин буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революциямен жалғастыру керектігін, соның арқасында жұмысшылар мен шаруалар Кеңестерінің Республикасын құрып, Уақытша үкіметке қолдау тоқтатылсын деген мақсаттар қойды. Экономика саласында помещиктердің жерлерін, банктерді тәркілеу, барлық жерлерде билікті Кеңестерге беру талаптары қойылды. Сонымен қатар Ресей империалистік соғыстан шығу керектігі тезистерде нақты көрсетілді. Ленин өзінің бағдарламасында социалистермен одақтас болуға қарсы шығып, саяси билікті қолға алу үшін ашық күреске шақырды. Большевиктер көсемінің осы кездегі идеяларын басқа социалистер тұрмақ оның қасындағы қайраткерлердің бірқатары қабылдаған жоқ. Мысалы, Лениннің тезистерін А.Богданов «есінен ауған адамның сандырағы» деп әшкереледі [7; 44]. Бірақ Ленин өзінің буржуазиялық революциядан социалистік революцияға бағытталған бағдарламасын большевиктердің 24–29 сәуірде өткен Бүкілресейлік конференциясында қабылдатқыза білді. Сөйтіп большевиктер басқа социалистерден бөлініп, өздерінің экстремистік бағыттағы саясатына көшті. Ал большевиктер көсемінің қарсыластары мемлекеттегі билік үшін күресте Лениннің ешқандай қағидалармен есептеспейтінін сол кезде байқап, болжай алмаған болу керек.

Осы айтып отырған көппартиялық кезеңде бірқатар саяси күштердің бағдарламалары анықталып іске асырыла бастады. Бірақ большевиктердің позициясына байланысты Ресей социалистерінің біртұтас одағын құруға мүмкіндік болмай қалды.

Жаңа үкіметті басқарған Ресей либералдары өздерінің саясатын өте күрделі жағдайда жүргізуге мәжбүр болды. Бір жағынан, олар Кеңестермен есептесті, екінші жағынан — министрлерде мемлекетті басқаратын тәжірибе болмады. Өздерінің басты мақсаттарын соғысты жалғастыруымен байланыстырған жаңа үкімет, осы проблема бойынша халықтың көпшілігінен қолдау таппады. Өйткені жұмысшылар мен шаруалар тез арада жүргізілетін реформаларды күтті.

Өзінің 3 наурыздағы Декларациясымен және 6 наурыздағы «Ресей азаматтарына» деген жолдауында Уақытша үкімет көптеген шешілуге тиіс мәселелерді кейінге қалдырды. Ал экономикада патша үкіметі сияқты өзінің рөлін күшейткісі келді. Мәселен, астыққа және оның бағасына монополия жарияланды. Жаңадан құрылған азық-түлік комитеттеріне әртүрлі қоғамдық ұйымдардың өкілдері кірді және осы уақытта өте маңызды кооперативтік заң қабылданды.

Жергілікті жерлерді басқару жағынан Уақытша үкімет бірнеше заңдар қабылдады. 21 мамырда қабылданған болыстық земство туралы заң енді болыстық жиналыстар мен управаларды құрып, олардың өкілеттілігін кеңейтіп және оларды демократиялық негізде сайлауға мүмкіндік жасады. Бірақ осы жиналыстар мен управалардың қызметіне революциялық әдіспен жұмыс істейтін Кеңестер және нешестүрлі қоғамдық ұйымдар кедергі жасап, жаңа үкіметтің реформаларын алға басқызбады.

Өзінің бағдарламасын іске асыруда Уақытша үкімет Ресейдегі саяси ахуалды есептемей, ең басты-мемлекеттік құрылым, жер және соғыс мәселелерін кейінге қалдырып, болашақта жұмыс істейтін Құрылтайшы Жиналыстың шешімдерімен байланыстырды. Бірақ шаруалар қозғалысының күшеюі Уақытша үкіметті жер мәселесімен шұғылдануға мәжбүр етті. 21 сәуірде үкіметтің «Жер комитеттерін құру туралы» қаулысы шығып, онда аграрлық реформаны бастау туралы жарияланды. Құрылған жер комитеттері, аграрлық реформаның дайындық жұмыстарымен шұғылдана бастады. Соған қарамастан, олар жергілікті радикалдық земстволардан қолдау таба алмады.

Осы уақыттағы ең басты проблемалардың бірі — соғыс және бейбітшілік мәселесі болды. Осыған орай 14 наурызда жұмысшылар мен солдаттар депутаттарының Петроград Кеңесі «Бүкіл әлем халықтарына» деген манифест қабылдап, онда соғыстың империалистік мақсаттарын сынап, екінші жағынан — Ресейдің Германиямен «революциялық соғысын» қолдап шықты. Осыған байланысты халықтың арасында «аннексиясыз және контрибуциясыз демократиялық бейбітшілік» идеялары кең қолдау таба бастады [8; 70].

Саяси дағдарысты шешу үшін және Кеңестердің еңбекшілер арасындағы ықпалы есептелініп, 5 мамыр күні бірінші коалициялық үкімет құрылды. Оны Г.Львов басқара беретін болды. Жаңа кабинетке 10 министр-капиталистер мен қатар 6 министр-социалист кіргізілді (А. Керенский, М. Скобелев, И. Церетели, А. Пешехонов, В. Чернов, П. Переверзев). Коалициялық үкіметте сыртқы істер министрі болып М. Терещенко, ал әскери министр қызметіне А. Керенский тағайындалды.

Либералдар мен социалистер құрған коалициялық үкімет революциялық демократияның ықпалымен жаңа бағдарлама дайындай бастады. Онда демократиялық бейбітшілік орнату, экономикада мемлекеттік бақылауды күшейту, байлардан алатын салық мөлшерін көбейту, еңбекті қорғау және т.б. шаралар белгіленді [9; 12].

Коалициялық үкіметке Кеңестердің өкілдері кіргеннен кейін халықтың көпшілігі елдегі революциялық стихия бәсеңдеп, майдандағы және тылдағы дағдарыс өздерінің шешімдерін табады деп үміттенді. Бірақ 1917 жылдың жазы революциялық жаңа толқулар әкелді және осы уақыттағы қозғалыста радикалдық бағыттағы большевиктердің рөлі күшейе түсті.

1917 ж. жазына қарай шаруалар ұйымдары қоғамдағы белгілі саяси күшке айналды. Біріншіден, халық социалистерінің (энесер) көмегімен құрылған Бүкілресейлік шаруалар одағы болса, екіншіден, көптеп құрылып жатқан шаруалар депутаттарының Кеңестерін атауға болады. Мамыр айында Петроградта шаруалар депутаттарының Бүкілресейлік I съезі өз жұмысын бастады. Ондағы көпшілік эсерлерді қолдап шығып, өздерінің төрағасы етіп Н.Авксентьевті сайлады. Ал президиумге Е. Брешко-Брешковская, В. Чернов, В. Фигнер, С. Маслов, тағы басқалар кірді. Съез өзінің қаулысында барлық жер Құрылтай Жиналыс шақырылғанша, жер комитеттерінің қолына берілу керек деп шешім қабылдады және кейін жерді шаруаларға тең бөліп беру туралы өздерінің бұрынғы мақсаттарын тағы да белгіледі. Осы съезге қатысқан В. Ленин сөз сөйлеп, жерді Учредительдік Жиналысқа дейін ақысыз таратып беру деген идеясын ұсынды және бүкіл жерді мемлекеттік меншікке айналдыру керек дегенді қолдады. Большевиктердің осындай позициясы селодағы кедейлердің, помещиктер мен қатар кулактар мен ауқатты шаруалардың меншіктеріне таласын одан сайын ушықтыра түсті.

Большевиктердің басқаруымен фабзавкомдар кәсіпорындарды қорғау керек деген сылтаумен Қызыл гвардия отрядтарын құра бастады. Осындай көптеген отрядтар Мәскеуде Орталық өнеркәсіп аймағында, Оралда, Донбаста және тағы басқа жерлерде құрылып, оларға қару-жарақ таратылып берілді. Осыған байланысты Ресейдегі большевиктерді қолдайтын Қызыл гвардия отрядтарында қазан айының орта адам саны 100 мыңнан болды. Сонымен қатар большевиктер көптеп құрылып жатқан кәсіподақ комитеттерінде өздерінің үгіт жұмысын күшейтіп оларды өздерінің позициясын қолдауға шақырды [10; 23].

Жұмысшылар мен революциялық демократияның қозғалыстарын біріктіру мәселесі 3–24 маусымда Петроградта өткен I Бүкілресейлік жұмысшылар мен солдаттар депутаттарының съезінде ерекше қаралды. Осында қатысушылардың жалпы саны 1090 делегат болса, олардың 285-і — эсерлер, 290 — меньшевиктер, 105 — большевиктер, ал қалғандары әртүрлі қоғамдық ұйымдардан болды. Революциялық демократия мен Кеңестер бірігіп, заңды үкіметке қолдау көрсету керектігін дәлелдеген И.Церетелидің «билікті қолына алатын қазіргі Ресейде саяси партия жоқ» дегеніне залда отырған В. Ленин: «Ондай партия бар! Біздің партия бұдан бастартпайды, ол үкімет билігін толығымен өз қолына алуға минут сайын әзір», — деп мәлімдегені делегаттардың күлкисін келтірді. Бірақ Лениннің бұл сөздеріне жеңілдікпен қараған көптеген делегаттар шын мәнінде большевиктер өздеріне осындай мақсат қойғанын кейінгі оқиғаларда ғана түсіне бастады [11; 22].

18 маусым күні Съез бен Петроград Кеңесі тағайындаған қаладағы шеруге мыңдаған адам қатысты және олардың бірқатары «Бүкіл үкімет Кеңестерге берілсін!», «Он капиталист-министрлер жойылсын!», «Соғысты аяқтау керек!» деген ұрандармен шықты. Осының өзі еңбекшілер большевиктердің талабына назар аударып бастағанын көрсетті.

Бірақ бұл жолы социалистер Уақытша Үкімет пен Кеңестердің ынтымақтастығын сақтап қалды. I съез Кеңестердің жаңа басқарушы органы — Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетін құрды. Оған 250 адам кіріп, соның ішінде меньшевиктер — 107, эсерлер — 101, большевиктер 35 орынға ие болды. Сөйтіп, осы съездің өзі социалистердің «оңшыл» бағыттары бар екенін көрсетті. Енді съезде жеңіске жете алмаған большевиктер халықты үкіметке айдап салу саясатын іске асыра бастады және бұған себепте табылды.

Маусымның 18-інде орыс армиясы Оңтүстік-Батыс майданында ірі шабуылға көшті. Бірақ бұл шабуыл сәтсіз аяқталуы елдегі саяси жағдайды шиеленістіре түсті.

1917 жылдың 2 шілдесінде төрт министр-кадеттер Д. Шаховский, А. Мануилов, А. Шингарев және В. Степанов кабинеттен шықты. Олар өздерінің А. Керенский, И. Церетели және Терещенконың Орталық Радамен Украинаға автономия беру туралы шешімдері мен келіспегендіктен, кететіндері туралы мәлімдеді. Бұл жағдай коалицияның арасында алауыздық пайда болғанын көрсетті, екіншіден, халықтың наразылығын туғызды.

Шілденің 3 күні көшелерге қаруланған солдаттар мен матростар жұмысшылармен бірге шығып, Таврия сарайындағы Орталық Атқару Комитетіне келді. Олар Уақытша үкіметінен билікті Кеңестерге беруді талап етті. Осы оқиғаның басталуына кейбір зерттеушілер соғысқа барғысы келмеген солдаттар мен матростарды кінәлайды. Шын мәнісінде солдаттарды көшеге шығаруға большевиктердің үлесі бар екенін байқауға болады. Себебі жалғыз солар әскерде көптеген ұйымдар құрып, насихат жұмысын көп жүргізді. Сонымен қатар құрамына А. Антонов-Овсиенко, В. Невский, Н. Подвойский, Н. Крыленко, П. Дыбенко кірген арнайы әскери ұйым («Военка») құрылды. Мұндай ұйым 43 қалада ашылды.

4 шілде күні жалғасқан шеруге Петроградта 400 мыңнан астам адам қатысып, қаруланған шерушілер мен үкімет әскерлерінің арасында қақтығыстар нәтижесінде екі жақтан 300 астам адам қаза тауып, жараланды. Шілденің 5 күні үкімет әскерлері шерушілерді қуып таратты. Ал ұйымдастырушылар ретінде большевиктердің басшылары Л.Троцкий, А.Каменев, Ф.Раскольников т.б. қамауға алынды, В. Ленин Разлив көлінің маңында жасырынуға мәжбүр болды. Осы кезден бастап Уақытша үкімет билікті толық қолына алуына байланысты Кеңестердің ықпалы азая бастады.

24 шілдеде Л. Керенский басқарған екінші коалициялық кабинет құрылып, оған 8 министр-кадеттер мен 8 министр-социалистерден қамтылды. Ал Ресей армиясының бас қолбасшысы болып белгілі генерал Л. Корнилов тағайындалды [12; 200].

Сонымен, 3–5 шілде оқиғаларының сипатына тоқталсақ, қазіргі уақытта оған ешқандай күмән жоқ — бұл оқиғалар большевиктердің қарулы шеру арқылы үкімет билігін басып алудың бірінші әрекеті болды.

Шілде оқиғалары либералдар мен социалистер құрған үкіметтің радикалдық элементтерге қарсы шаралар қолдану керектігін көрсетті. Екіншіден, мемлекетте қатал тәртіп орнатуды жақтайтын саяси күштердің де белсенділігін айқындай түсті. Осындай жағдайда 12–15 тамызда қоғамдағы әртүрлі саяси күштерді біріктіру үшін Мәскеуде Мемлекеттік Жиналыс өз жұмысын жүргізді. Оған кәсіпкерлер, банкирлер, офицерлер, бұрынғы Дума депутаттары, әртүрлі партиялар кәсіподақ, қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты. Бұл жиынға большевиктер ғана қатыспады. Осы Жиналысқа қатысушылардың бір бөлігі Уақытша үкіметті қолдаса, қалғандары генерал Корниловқа сенімдерін білдіре бастады. Осындай қолдау тапқан Корнилов Уақытша үкіметпен келіспеушілігін білдіріп, 26 тамызда ашық әскери бүлік бастады. Генералды көптеген оңшылдар топтары қолдап шықты. Корниловтың бұйрығымен Петроградқа қарсы генерал Крымов басқарған әскерлер жіберілді. Мақсаты әскери диктатордың билігін астанада орнату болды. Осындай шешуші кезеңде бүлікшілерге қарсы социалистік партиялардың, Кеңестердің, кәсіподақтардың, либералдық ұйымдардың өкілдері шығып, солардың үгіт-насихат жұмыстары арқылы генерал Крымовтың әскерлері Петроград түбінде тарай бастады. Үкімет басшысы А.Керенский генерал Корниловты қызметінен босатып бүлікшілерге қарсы күреске шақырды. Осындай біріккен шаралардың арқасында әскери билік 31 тамызда талқандалып, Корнилов тұтқынға алынды. Осылайша реакциялық күштердің Ресейде әскери диктатура орнатқысы келген әрекеттері сәтсіз аяқталды [13; 466, 467].

Корнилов бүлігінің талқандалуы оңшылдар мен Уақытша үкіметтің беделдерін түсірді. Соған орай еңбекшілердің арасында большевиктердің радикалдық қадамдары қолдау таба бастады. Қатары 350 мыңға дейін өскен большевиктер партиясы көптеген Кеңестерді өзіне бағындырды. Сөйтіп, тамыз айының аяғы-қыркүйек айының басында Петроград пен Мәскеу Кеңестері толық большевиктердің қолына көшті.

Осы кезде А.Керенскиймен келіспеушілік білдіріп, үкіметтен кадет-министрлері біраздан кейін социалистер де шығып кетті. Қалыптасқан жағдайда 31 тамыз күні А.Керенский үкімет орнына өзі басқаратын 5 министрден тұратын Директорияны құрды. Ал 1 қыркүйекте Ресей Республика болып жарияланды [14; 244].

14 қыркүйекте Петроградта жиналған Демократиялық Жиналыста Республиканың Демократиялық Кеңесі (Предпарламент) құрылды. Осы органның тапсыруымен А. Керенский 25 қыркүйекте 3-ші коалициялық үкімет құрды. Оның құрамында социалистер, кадеттер, кәсіпкерлер мен атақты ғалымдар болды. Бірақ жаңа кабинет жұмысқа кірсімен большевиктер басқарған Петроград Кеңесі оның кетуін талап ете бастады. Сонымен қатар еңбекшілер арасында Кеңестердің Бүкілресейлік II съезін шақыру туралы ұсыныстар қолдау тапты. Ал социалистер мен кадеттердің алауыздықтары коалициялық үкімет пен Республиканың Демократиялық Кеңесі (Предпарламент) арасындағы қарым-қатынастарды дамытуға кедергі жасады.

Үкіметтің және демократиялық органдардың дәрменсіздігін байқаған большевиктер енді өзіне бағынған Кеңестер арқылы үкіметке қарсы саясатын ұйымдастырушылық пен жүргізе білді. Сонымен қатар олар шілде оқиғаларынан кейін өздерінің жасырын VI съезінде қарулы көтеріліске дайындық бастау туралы шешім қабылдаған еді. Осыған орай Ресейдегі демократиялық кезеңнің аяқталып келе жатқанын қоғамдағы көпшілік сол күндері байқамаған сияқты.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Верт Н. История Советского государства / Н. Верт; 1990–1991: пер. с фр. — 2-е изд. — М.: Прогресс-Академия, 1995. — 544 с.
- 2 Карр Э. История Советской России. — Кн. 1. — Т. 1, 2: Большеви́стская революция. 1917–1923. / Э. Карр; пер. с англ. — М.: Прогресс, 1990. — 768 с.
- 3 Қазақстан тарихы. Очерктер. — Алматы: Дәуір, 1994. — 446 б.
- 4 Новейшая история Отечества. XX век: учеб. для студентов вузов. — Т. 2. / под ред.: А.С. Киселева, Э.М. Щагина. — М.: Владос, 1998. — 496 с.
- 5 История Отечества: люди, идеи, решения. Очерки истории Советского государства / Сост. В.А. Козлов. — М.: Политиздат, 1991. — 366 с.
- 6 Орлов А.С. История России: учеб. / А.С. Орлов, В.А. Георгиев, Н.Г. Георгиева, Т.А. Сивохина. — М.: Проспект, 1997. — 544 с.
- 7 Соколов А.К. Курс советской истории 1917–1940: учеб. пос. / А.К. Соколов. — М.: Высш. шк., 1999. — 272 с.
- 8 Адамбеков Б.К. XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы: оқу құралы / Б.К. Адамбеков. — Қарағанды: КарМУ баспасы, 2005. — 344 б.
- 9 История СССР: учебник: [В 2-х ч.]. — Ч. II / под ред. Н.Е. Артемьева. — М.: Высш. шк., 1982. — 351 с.
- 10 Берхин И.Б. История СССР. Советский период: учеб. пос. для вузов / И.Б. Берхин. — М.: Высш. шк., 1987. — 704 с.
- 11 История СССР. Эпоха социализма: учебник для исторических факультетов вузов / под ред. Ю.С. Кукушкина. — М.: Высш. шк., 1985. — 479 с.
- 12 Новейшая Отечественная история. XX.: учеб. для студ. высш. учеб. завед.: [В 2-х кн.]. — Кн. 1 / под ред. Э.М. Щагина. — М.: Владос, 2004. — 447 с.
- 13 История России: [В 2-х т.] — Т. 2: С начала XIX века до начала XXI века / под ред. А.Н. Сахарова. — М.: АСТ; Астрель; Транзиткнига, 2006. — 862 с.
- 14 Адамбек Б.К. Кеңес Одағының тарихы (1917–1991) / Б.К. Адамбек. — Қарағанды: КарМУ баспасы, 2018. — 244 б.

Б.К. Адамбек

Россия в период демократического развития (март-октябрь 1917 года)

В статье показано формирование Буржуазного правительства после Февральской революции 1917 года в России, а также принятие им ряда важнейших решений по демократизации общественно-политической жизни страны. В то же время раскрыты этапы начала борьбы различных политических сил за власть в стране в условиях складывающейся многопартийной системы, внутреннего и внешнего политика Временного правительства, прошедшее в этот период размежевание в демократическом движении, усилившее общественно-политический кризис в стране. Раскрывая события июля, автор особо подчеркивает начало конкретной и бескомпромиссной борьбы за власть в России на примере многих источников и в объективной форме доказывает его особенности.

Ключевые слова: революция, партия, Совет, буржуазия, демократия, правительство, политика, коалиция, война, событие.

B.K. Adambek

Russia in the period of democratic development (March-October 2017)

The article shows the formation after the February revolution of 1917 in Russia, the Bourgeois government, and also the acceptance by him of a number of the most important decisions on the democratization of the socio-political life of the country. At the same time discloses the start of fight of different political forces for the authority in country in the conditions of the holding multiparty system, the internal and external policy of temporary government overcame at this time the period of demarcation in the democratic movement that intensified the socio-political crisis in the country. By reveling July's events author especially emphasizes

beginning of a specific uncompromising struggle for power in Russia since that period and proves its features on many sources in an objective form.

Keywords: revolution, party, Soviet, bourgeoisie, democracy, government, policy, coalition, war, event.

References

- 1 Werth, N. (1995). *Istoriia Sovetskoho gosudarstva. 1900–1991 [History of the Soviet State, 1900–1991]*. Moscow: Prohress-Akademiia; Ves mir [in Russian].
- 2 Karr, E. (1990). *Istoriia Sovetskoi Rossii. Bolshevistskaia revoliutsiia. 1917–1923 [History of the Soviet Russia, 1917–1923]*. (In 1 Book. Vol. 1, 2). Moscow: Prohress [in Russian]
- 3 Kazakhstan tarikhy. Ocherkter (1994) [History of Kazakhstan]. Almaty: Daur [in Kazakh].
- 4 Kiselev, A.S. & Shagina E.M.(Eds.). (1998). *Noveishaia istoriia Otechestva. XX vek [The contemporary history of the Fatherland, 20th century]*. (Vols. 1, 2). Moscow: Vldos [in Russian].
- 5 Kozlov, V.A. (1991). *Istoriia Otechestva: liudi, idei, resheniia. Ocherki istorii Sovetskoho gosudarstva [The history of the Fatherland: people, ideas, decisions]*. Moscow: Politizdat [in Russian].
- 6 Orlov, A.S., Georgiev, V.A., Georgieva, N.V., & Sivokhina, T.A. (1997). *Istoriia Rossii [History of Russia]*. Moscow: Prospekt [in Russian].
- 7 Sokolov, A.K. (1999). *Kurs sovietskoii istorii. 1917–1940 [Course of the history of soviet, 1917–1940]*. Moscow: Vysshiaia shkola [in Russian].
- 8 Adambekov, B.T. (2005). XX hasyrahы Resei imeriyasy, Kenes memleketi zhane TMD tarikhy [Russian Empire in the 20th century. Soviet states and the history of the CIS]. Karaganda: Izdatelstvo KarHU [in Kazakh].
- 9 Artemieva, N.E. (Eds.). (1982). *Istoriia SSSR [History of the USSR]*. Moscow: Vysshiaia shkola [in Russian].
- 10 Berkhin, I.B. (1987). *Istoriia SSSR: Sovietskii period [History of the USSR: The Soviet period]*. Moscow: Vysshiaia shkola [in Russian].
- 11 Kukushkin, Yu.S. (Eds.). (1985). *Isrtoriia SSSR. Epokha sotsializma [History of the USSR. Socialist era]*. Moscow: Vysshiaia shkola [in Russian].
- 12 Shchagin, E.M. (Eds.). (2004). *Noveishaia istoriia Otechestva. XX vek [The contemporary history of the Fatherland, 20th century]*. (In. 1, 2; In 1). Moscow: Vldos [in Russian].
- 13 Sakharov, A.N. (Eds.). (2006). *Istoriia Rossii: s nachala XIX veka do nachala XXI veka [History of Russia: From beginning of XIX century to beginning of XXI century]*. (Vol. 1-2; Vol. 2). Moscow: AST; Aatrel; Tranzitkniha [in Russian].
- 14 Adambek B.K. (2018). *Kenes Odahynyn tarikhy. 1917–1991 [History of the Soviet Union, 1917/1991]*. Karagandy: KarMU baspasy [in Kazakh].